

## **"Филип Моррис Холланд А. Б." компаниясының құқық иеленушілігін тану туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 27 желтоқсан 1993 ж. N 1298

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Филип Моррис Интернэшнл Инвестмент Корпорейшн" компаниясы арасындағы келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Филип Моррис Интернэшнл Инвестмент Корпорейшн" компаниясының "Алматы Темекі Компаниясы" акционерлік қоғамының жарғы капиталын алуына қатысты барлық шарттары мен келісімдерінен туындайтын және соған қатысты талаптары мен берешектерін қоса, "Филип Моррис Интернэшнл Инвестмент Корпорейшн" компаниясының өзінің барлық құқығын, міндеттері мен міндеттемелерін "Филип Моррис Холланд А. Б." компаниясына бергеніне келісім білдірілсін. Осы орайда, "Филип Моррис Интернэшнл Корпорейшн" компаниясының "Алматы Темекі Компаниясы" акционерлік қоғамының акцияларын "Филип Моррис Холланд А. Б." компаниясына бұлайша бергені бағалы қағаздарды сатып алу мен сату ретінде қаралмайтын болып танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Алматы темекі комбинатын жеке жоба бойынша жекешелендіру туралы" 1993 жылғы 27 қыркүйектегі N 951 қаулысында "Филип Моррис Интернэшнл Инвестмент Корпорейшн" компаниясына қатысты көзделген барлық құқықтар мен кепілдіктер "Филип Моррис Холланд А. Б." компаниясына өтетін болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына аталған берімге келісім беру туралы құжатқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қою тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі